

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің тәртіптік әскери бөліміндегі ішкі тәртіп ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2004 жылғы 3 маусымдағы N 239 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 1 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2923. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 655 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 2010.09.10 № 655 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнама талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің тәртіптік әскери бөліміндегі ішкі тәртіпті регламенттеу мақсатында бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің тәртіптік әскери бөліміндегі ішкі тәртіп ережелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Қорғаныс министрі Аппаратының Құжаттамалық қамтамасыз ету департаменті осы Бұйрықтың жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастан күшіне енеді.

4. Бұйрық жекелеген батальонға жеткізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі*

армия генералы

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2004 жылғы 3 маусымдағы N 239
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің тәртіптік
әскери бөлімдегі ішкі тәртіп
ережелерін бекіту туралы"
бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің
тәртіптік әскери бөліміндегі ішкі тәртіп ережесі**

1. Тәртіптік әскери бөлім гарнизонның басқа әскери бөлімдерінен бөлек орналастырылады.

2. Күзет, қызмет көрсету бөлімшелерін орналастыруға арналған барлық қызметтік және тұрғын үй-жайлар офицерлердің, прапорщиктер мен келісім-шарт бойынша әскери қызметшілердің пәтерлері, сондай-ақ атыс қарулары мен оқ-дәрілердің қоймалары сотталушыларды орналастыру мен қызмет көрсету үшін арналған аумақтан тыс орналастырылады.

3. Сотталушыларды орналастыру мен қызмет көрсету үшін арналған тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар орналасқан аумақтар биіктігі кемінде 2,5 метр екі қатар мықты дуалмен және тікенек сыммен қоршалған болуы және күзету мен дабыл берудің техникалық құралдарымен жабдықталуы тиіс.

Тәртіптік әскери бөлімнің қолбасшылығы аудиовизуальдық, электрондық және қашу мен басқа да қылмыстардың, жазасын өтеудің белгіленген тәртібін бұзушылықтардың алдын алу үшін өзге де техникалық құралдарын пайдалануға, сотталушылардың мінез-құлқы туралы қажетті ақпараттар алуға құқылы.

4. Тәртіптік әскери бөлім орналасқан орынның кіреберіс қақпалары әрқашан құлыпқа жабылуы және бөлім бойынша кезекшінің өкімі бойынша ашылуы тиіс.

5. Сотталушылар орналастырылған үй-жайлардың терезелері мен есіктерінде металл торкөздер болуы керек. Үй-жайларда түнде кезекші жарық қалдырылады.

6. Сотталушылар Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 10-бабына сәйкес мыналарға құқылы:

- 1) тәртіптік әскери бөлімнің қызметкерлері тарапынан сыпайы сөйлесуге;
- 2) өз құқықтары мен міндеттері туралы, сотпен белгіленген жазаны өтеудің тәртібі мен шарттары туралы ақпараттар алуға;
- 3) белгіленген өзін-өзі ұстау ережесін бұзбай, күн тәртібінде көзделген жеке у а қ ы т ы н п а й д а л а н у ғ а ;

4) тәртіптік әскери бөлімнің әкімшілігіне, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жоғары тұрған басқару органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, өзге де мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ адамның құқықтары мен бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға өтініш беруге;

5) Қазақстан Республикасының сотталушы азаматтары хат жазысуға, мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде немесе олардың қалаулары бойынша ана тілінде қарым-қатынас жасауға. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында қызмет өткеретін шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар және тәртіптік әскери бөлімде ұсталуға сотталушылар мұны ана тілінде немесе олар білетін басқа да тілде жасауға, ал қажетті жағдайларда аудармашының қызметін пайдалануға құқығы бар. Сотталушыларға жауап өтініш білдірген тілде беріледі, ал мұндай мүмкіндік болмаған кезде тәртіптік әскери бөлімде

қамтамасыз етілген сөйлесетін тілге аударыла отырып мемлекеттік тілде немесе
о р ы с т і л і н д е ;

6) тәртіптік әскери бөлімде ұсталуға сотталған шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасындағы өз мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктерімен, консулдық мекемелерімен, ал дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері жоқ мемлекеттердің азаматтары - олардың мүдделерін қорғауды өзіне алған мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерімен немесе оларды қорғаумен айналысатын мемлекетаралық органдармен байланыс
ж а с а у ғ а қ ұ қ ы л ы ;

7) қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес адвокаттардың, сондай-ақ осындай көмекті көрсетуге уәкілетті өзге де адамдардың заңдық көмегін пайдалануға;

8) мәдени-көпшілік және спорттық іс-шараларға қатысуға, кітапхананы, үстел үсті ойындарын, музыкалық аспаптарды пайдалануға;

9) сотталушылардың өнерпаздар ұйымына өз еркімен кіруге;

10) денсаулықты сақтау үшін қажетті материалдық-тұрмыстық және медициналық-санитарлық қамтамасыз етілуге;

11) жинастыру уақытынан басқа іс-шаралардан бос уақытта бөлімнің барлық үй - ж а й л а р ы н п а й д а л а н у ғ а ;

12) сотталушыларға ар-ождан бостандығы мен дін тұту еріктігіне кепілдік беріледі. Діни жораларды орындау ерікті болып табылады. Ол ішкі тәртіпті бұзбауы, сондай-ақ жазасын өтеп жатқан басқа да адамдардың құқықтарына нұқсан келтірмеуі керек.

7 . С о т т а л у ш ы л а р :

1) тәртіптік әскери бөлім әкімшілігінің заңды талаптарын орындауға;

2) тәртіптік әскери бөлімде белгіленген өзін-өзі ұстау және күн тәртібін қатаң
с а қ т а у ғ а ;

3) мүлікке ұқыпты қарауға;

4) еңбек пен оқуға адал ниетпен қарауға;

5) өзара және персоналдармен және өзге де адамдармен сыпайы сөйлесуге;

6) өзінің ұйықтайтын орнын, коммуналдық-тұрмыстық үй-жайды, жұмыс орнын таза және ұқыпты ұстауға, төсекті белгіленген үлгі бойынша жинауға, заттарды, азық-түлік тағамдарын және жеке пайдаланылатын заттарды арнайы жабдықталған орындар мен үй-жайларда сақтауға;

7) жеке басы гигиенасының ережесін, белгіленген киім нысанын сақтауға, бастың шашты бөлігінде қысқа қырқылған шашы болуы керек;

8) тәртіптік әскери бөлімде өткізілетін барлық бұқаралық іс-шараларға
м і н д е т т і тү р д е б а р у ғ а ;

9) тәртіптік әскери бөлім үшін белгіленген киім нысанын киюге және айырым белгілерін тағуға ;

10) тамақ ішу үшін асханаға баруға тиіс.

8 . Сотталушылар :

1) күн тәртібін бұзбауы ;

2) объектілерді қорғау сызығын немесе тәртіптік әскери бөлім аумағының шекарасын бұзбауы ;

3) оқшауланған тұрғын және өнеркәсіп аймағының шегінен рұқсатсыз шықпауы ;

4) өздері тұрмайтын казармаларда немесе өздері жұмыс істемейтін өндірістік объектілерде әкімшіліктің рұқсатынсыз болмауы ;

5) ол үшін белгіленбеген жерлерде шылым шекпеуі ;

6) өзіне және басқа да адамдарға татуировка салмауы ;

7) белгіленген тәртіпке қарсы хат-хабар жібермеуі және алмауы ;

8) суреттердің, қайта көшірулердің, открыткалардың, газеттер мен журналдардың қиындыларын рұқсатсыз қабырғаларға, тумбочкаларға және төсектерге ілмеуі ;

9) ұйықтайтын орындарын рұқсатсыз перделемеуі және ауыстырмауы, сондай-ақ өндірістік объектілердегі, коммуналдық-тұрмыстық және басқа да қызметтік және қосалқы үй-жайлардағы ұйықтайтын орындарды жабдықтамауы ;

10) ұйықтайтын үй-жайларда жеке телерадио қабылдағыштар, электр тұрмыстық аспаптар орнатуды, өз бетімен қосымша электр желісін жүргізбеуі ;

11) бұл үшін көзделмеген орындарда ас әзірлемеуі және қабылдамауы ;

12) мүшені зақымдаушылық, тамақтанудан бас тартпауы, сондай-ақ осындай қылықтарға басқаларды көндірмеуі және басқаларға көмектеспеуі ;

13) асханадан азық-түлікті алып шықпауы ;

14) алкоголь тұтынбауы, сондай-ақ есірткілер мен есеңгірететін заттарды пайдаланбауы ;

15) үйлердің, цехтардың, құрылыстардың және басқа да ғимараттардың шатырына шықпауы, рұқсат етілмеген ішкі аймақтың қоршауына жақындамауы ;

16) жұмыс орнын, казармаларды және бұқаралық іс-шаралар жүргізетін үй-жайларды рұқсатсыз тастап кетпеуі ;

17) дәретханадан басқа күн тәртібіндегі ұйқыға арналған уақытта жатын орынды тастап кетпеуі, казармада жүрмеуі және оның шегінен шықпауы тиіс.

9. Сотталушылар қызметкерлерге "Сіз" деп, атағының соңында "мырза" деген сөзді қоса отырып, оларды әскери атағы бойынша атайды.

10. Тәртіптік әскери бөлімнің қызметкерлері сотталушылармен оларды әскери атағы бойынша және тегі бойынша атай отырып "Сіз" деп сөйлеседі.

11. Тәртіптік әскери бөлімнің қызметкерлеріне қызмет мүддесіне байланыссыз сотталушылар мен олардың туыстарымен қандай да бір қарым-қатынасқа түсуге, сондай-ақ олардың көмектерін пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынады.

12. Тәртіптік әскери бөлімнің қызметкерлері, оларға өтініш білдірген жағдайда сотталушылардың мәселелері мен проблемаларын шешу жөнінде шараларды қабылдауға міндетті.

13. Сотталушылар тәртіптік әскери бөлім орналасқан орындардан тыс жұмыстарға және сабақтарға бөлімше немесе взвод құрамында сап түзеп, (сотталушылардың шығу және қайту кітабына жазумен) қарулы айдауылдың күзетуімен және тиісті командирлердің командасымен шығарылады.

Айдауыл санын әрбір жекелеген жағдайда тәртіптік әскери бөлімнің командирі айқындайды және сотталушылардың жұмыс уақытында немесе сабақ уақытында олардың іс-қимылдарына тиісті бақылауды қамтамасыз етуі тиіс.

Аумаққа кіретін және шығатын автомобиль көлігі белгіленген тәртіппен тексеріледі.

Түзеліп келе жатқандар разрядына тіркелген жекелеген сотталушылар, егер олар орындайтын жұмыс сипаты бойынша қажет болғанда тәртіптік әскери бөлімнің командирі айдауылсыз жүруге рұқсат етуі мүмкін.

Айдауылсыз жүруге рұқсат ету тәртіптік әскери бөлім командирінің бұйрығымен ресімделеді.

14. Айдауылдар қызметін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жарғысының талаптарына сәйкес өткереді және сотталушылардың белгіленген тәртіпті бұзуларына жол бермеуге және олардың бөтен адамдармен араласпауын қ а д а ғ а л а у ғ а м і н д е т т і .

Белгіленген тәртіпті сотталушылардың барлық бұзушылықтары туралы айдауылдар тиісті командирге баяндайды.

Сотталушы қашқан жағдайда айдауылдар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жарғысының талаптарына сәйкес қару қолданады.

15. Сотталушыларға пошта және кездесулер уақытында түскен сәлем-сауқаттар, бандерольдар бөлім бойынша кезекші немесе рота офицерінің қатысуымен Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару заңнамасында белгіленген тәртіппен тексеріледі.

16. Сәлем-сауқаттарда, бандерольдарда, хатта табылған сотталушыларға тыйым салынған заттар алынады, сотталушының жеке заттарының тізіміне енгізіледі және жазасын өтеу мерзімі аяқталғанға дейін оның басқа жеке заттарымен бірге сақталады. Сонымен бірге атыс және суық қару, пышақ, улы және есірткі заттар алынады және сотталушыға қайтарылмайды. Осындай заттардың табылғаны туралы әскери бөлімнің командирі әскери прокурорға жедел хабарлайды.

17. Сотталушының атына түскен ақшалар олардың жеке шоттарына аударылады, ол туралы сотталушылар хабардар етіледі. Осы ақшаны сотталушыларға беру олар тәртіптік әскери бөлімнен босаған кезде жүргізіледі.

18. Сотталушылардың хат-хабар алысуы, хат және жеделхат алуы мен жіберуі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару заңнамасында белгіленген тәртіппен реттеледі.

Келіп түскен хаттарды тапсыруды ротаның старшинасы немесе взвод командирінің орынбасары жүргізеді, сотталушылар олардың қатысуымен ашуға міндетті.

Сотталушылар жіберетін хаттар арналуы бойынша жіберу үшін жапсырылған түрінде ротаның кеңсесіне өткізіледі. Хаттарды ашуға тыйым салынады.

19. Сотталған әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару заңнамасында айқындалған саны мен тәртіпте кездесуге құқылы.

Сотталушының өтініші бойынша қысқа мерзімді немесе ұзақ кездесулер тәртіптік әскери бөлімнің командирі белгілеген тәртіппен телефонмен сөйлесулерге ауыстырылуы мүмкін.

Қалааралық телефон байланысы бойынша сөйлесу сотталушының жеке қаржысынан төленеді.

20. Мерзімді қызметтің әскери қызметшілері үшін көзделген демалыстар сотталушыларға берілмейді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару заңнамасында көзделген жекелеген жағдайларда сотталушыларға тәртіптік әскери бөлімдердің шегінен тыс шығумен қысқа мерзімді демалысқа рұқсат етілуі мүмкін.

Қысқа мерзімді демалысқа рұқсатты әскери прокурордың келісімі бойынша тәртіптік әскери бөлімнің командирі береді. Сотталушының қысқа мерзімді демалыста болған уақыты жазаны өтеу мерзіміне есептеледі.

21. Тәртіптік әскери бөлімдегі күн тәртібін бөлім командирі белгілейді.

Күн тәртібі ертеңгісін тұрудан, тексеруден, ұйқыға жатудан, жуынуудан, дене жаттығуынан, тамақтанудан, жұмысқа тексеруден, жұмыста, оқуда болудан, тәрбие және спорттық-көпшілік іс-шаралардан тұрады. Сотталушыларға сегіз сағаттық үзіліссіз ұйқы және оларға жеке уақыт беру көзделген.